

Қорытындылай келе, Д. А. Шаймұхановтың «Карлаг» зерттеуі ғылымда елеулі рөл атқарады. Ол Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің кешенді бейнесін жасауға мүмкіндік береді, тұтқындардың адамгершілік және кәсіби еңбектерін тарихқа енгізеді, сондай-ақ архивтік, статистикалық және аналитикалық мәліметтердің бірлігін қамтамасыз етеді. Бұл еңбек репрессиялық жүйенің құрылымы мен әсерін терең түсінуге мүмкіндік беріп, Отандық тарихты зерттеушілерге сенімді дереккөзі ретінде қызмет етеді.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінді зерттеу тарихи шындықты қалпына келтіру, әлеуметтік әділеттілікті сақтау, қоғамдық сана мен ұлттық жадыны қалыптастыру тұрғысынан шешуші рөл атқарады. Репрессиялардың масштабы, себептері және салдары Қазақстан қоғамының тарихи санасын қалыптастырады, қазіргі және болашақ ұрпаққа тарихи сабақ ретінде қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нечкина, М.В. О периодизации истории советской исторической науки / М.В. Нечкина // История СССР. - 1960.- №1.
2. Волкогонов, Д.А. Триумф и трагедия: Политический портрет И.В. Сталина / Д.А. Волкогонов. - Барнаул, 1990. - Кн. 1.
3. Гордон, Л.А. Что это было? Размышления о предпосылках и итогах того, что случилось с нами в 30-40-е годы / Л.А. Гордон, Э.В. Клопов. - М., 1989.
4. Бестужев-Лада, И.В. Аморальность и антинародность «политической доктрины» сталинизма / И.В. Бестужев-Лада // История СССР. - 1989. - №5.
5. Солженицын, А.И. Архипелаг ГУЛАГ, 1918-1956: Опыт художественного исследования в 3 т. / А.И. Солженицын. - М., 1989.
6. Шаймұханова С.Д. Политические репрессии интеллигенции в Казахстане в 40-х начале 50-х гг. URL: <https://e-history.kz>
7. Джунусбаев С.М. к.и.н., доцент, ЮКГУ им. М. Ауэзова - О репрессиях 1920-30 годов в трудах Казахстанских ученых. URL: <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/04/12/12--130-136.pdf>
8. История Казахстана за 9 класс. Часть 1 (начало XX века настоящее время) / Б. Аяган, М.Шаймерденова. URL: <http://bibliotekar.kz/istoriki-kazahstana-za-9-klass-nachalo-x/2-massovye-repressii-v-1930-h-godah-sozd.html>
9. Шаймұханов Д. А., Шаймұханова С. Д. Карлаг. - Алматы, 1997. - 104 б.

АТАЛЫҚТАР ӘУЛЕТІ: АРЫСТАН, БАРҚЫ, НИЯЗ

Тасболатова Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, профессор Нұрбай Қ.Ж.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
naziratasbolatova07@gmail.com

Астана қ.

Тұлғатану тақырыбы - қазақ тарихындағы аса өзекті мәселелердің бірі және аз зерттелген тақырып болып табылады. Менің таңдаған тақырыбым «Аталықтар әулеті». Кейінгі ортағасырларда Шыңғыс хан империясының орнында құрылған көптеген түркі мемлекеттерінде болған аталықтар әулеті соңғы уақытта қалың көпшіліктің қызығушылығын тудыруда.

Жалпы «Аталық» сөзіне тоқталып өтейік. Ол қашан, қай уақытта, не үшін шыққан ұғым? «Аталық» термині тақ мұрагерлерін тәрбиелеу мен оқыту міндеті жүктелген тәрбиешіні немесе қамқоршыны білдірген. Жазбаша дереккөздерде «аталық» сөзі «атабек» және «атабей» терминдерімен синоним болып табылады. Мысалы, Әбдулгаффар Қырымидың XVIII ғасырдағы «Умдет әл-ахбар» еңбегінде: «атабей, яғни аталық» деп айтылады, ал XX ғасырдың басындағы тарихшы Құрбанғали Халиди де екі терминнің бірдей мағына беретіндігін атап өткен. Бұл ақпаратты растайтын басқа да тарихи деректер бар. Мысалы, XVI ғасыр тарихшысы Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде екі термин де қолданылады. Дегенмен, автор көбіне «атабек» сөзін пайдаланып, «аталық» сөзін бір мәрте ғана қолданған. XVII-XVIII ғасырлардағы орыс құжаттарында «аталық» сөзі «дядька» немесе «мамич» деп аударылып, оның тәрбиелік рөлін атап өткен [1, 91 б.]. Кіші жүздің билеушісі, Қазақ ханы Әбілқайырдың хатында Бұхара ханның «аталығы, яғни дядькасы» қайтыс болды деген

мәлімет бар. Орынбор губернаторы И.И. Неплюев Әбілқайыр ханның ұлы Айшуақ сұлтанның аталығы Байбекті «дядька» қайтыс болды дейді [1, 92 б.].

XI ғасыр құжаттарында кездесетін «атабек» термині Селжұқтар мемлекетінде кеңінен қолданылған, ол «мұрагердің тәрбиесіне жауапты тұлға» дегенді білдірген. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, бұл терминнің пайда болуы ежелгі түркі кезеңімен байланысты. Олардың зерттеулерінде Күлтегіннің құрметіне тұрғызылған эпитафияда «atusu» (атысы) сөзі жазылғандығы көрсетіледі. Бұл сөз тақ мұрагерлерінің тәрбиесі мен білімі үшін жауапты адамды білдірген. Бірақ бұл нақты факт емес, әлі де зерттеулерді талап ететін болжам [1, 92 б.].

Зерттеушілердің пікірінше, аталықтардың функцияларына мұрагерлерді тәрбиелеу, тәлімгерлік, дипломатиялық қызмет және жеке әскери бөлімшелерді басқару кірген. Шығыстанушы О.Ф. Акимовский жазғандай, аталық кіші немесе тәжірибесіз сұлтандардың қамқоршысы қызметін атқарды, Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі регентке ұқсайды және хан кәметке толған кезде оның кеңесшісі және сенімді адамына айналды. Зерттеушілер Дж. Брегель, А. фон Кюгельген және басқалар түркі-моңғол мемлекеттерінде аталықтың тәрбиеші, кеңесші және әскери көсем функцияларын біріктіргенін атап өтті.

Қазақ хандығындағы аталықтар институтын ғылыми тұрғыдан зерттеу отандық тарих ғылымының өзекті мәселесі. Мәселені зерттеудің күрделілігі, ең алдымен, тарихи дереккөздердегі аталықтар туралы ақпараттың аздығымен байланысты.

Шетелдік ғалымдар тәрізді қазақ зерттеушілері де аталықтардың негізгі міндеті хан ұлдарын тәрбиелеу деп көрсетеді. И.В. Ерофеева пікірінше, қазақ даласында аталықтар деп ақсүйектердің 15 жасқа толмаған жас ұлдарының тәрбиешілерін, тәлімгерлерін атаған. «Аталықтар - жас сұлтандардың тәрбиешілері болып қала берген» деп К.Ш. Хафизова да жазады. Зерттеуші аталықтар батырлардың қатарынан тағайындалды деп санайды. Ә. Мұқтар да аталықтың өз қамқорындағы сұлтанды әскери өнерге баулудағы рөлін ерекше атап көрсетеді. Ж. Омари мен С.И. Жаркеновтың аталықтың тәрбиелеушілік және әскери міндеттеріне үлкен назар аудармайды, олардың пікірінше, аталықтың құзыреті өте жоғары, мемлекеттік деңгейде болған [1, 95 б.].

Қазақ хандығындағы аталықтар туралы мәліметтер бізге жеткен қазақ-орыс дипломатиялық қатынастары құжаттарында да сақталған. Оларда XVII-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының жоғарғы билеушілерінің сенімді адамдары болған бірнеше аталықтардың есімдері аталады [1, 96 б.].

Мысалы, 1718 жылғы желтоқсанда I Петрге жазылған Қайып ханның хатында Ресей мемлекетіне елші болып барған Тантай батырдың әкесі аталық Арыстан батыр екені айтылған. Қазақ хандарының аталықтары туралы бізге белгілі деректер Арыстан аталықтан басталады. Оның қызметі Хакназар хан тұсында басталып Еңсегей бойлы Ер Есіммен аяқталады. Жоңғар қаупі күшейіп, қазақ даласында сыртқы саясат пен ішкі бірлік мәселесі күрделене түскен шақта Арыстан аталық елдің дипломатиялық мүддесін қорғауға, ұлыстар арасындағы татулықты сақтауға белсене атсалысты. Еңсегей бойлы Ер Есім ханның тұсында оның беделі одан сайын өсті. Арыстан аталық бір ғана тәрбиеші немесе кеңесші емес, хан мемлекетінің ішкі құрылымын жүйелеуге, елдік мүддені қорғауға тікелей қатысқан саяси қайраткер деңгейіне көтерілді. Оның есімі сол дәуірдегі ел басқару жүйесінің дара қызметін атқарған тұлға ретінде көрініс табады. 1718 жылы Түркістандағы Әз Тәуке ханның тағына мұрагерлік қылған, қазақтың үлкен ханы Қайыптың Петр патшаға жазған хатында «послал я от себя к Вашему величеству старинного своего слугу и аталыка Араслан-батыря, лутчего человека, сына его Тантай-батыря большим посланником» деген сөздері көп мағына білдіреді. Біріншіден, Арыстан аталықтың қазақтың хандарына еңбегі сіңген ұлы тұлға екені анық. Екіншіден, «старинный» деген сөз, оның әулетінің көп жылдар билікте болғанын көрсетеді. Үшіншіден, Қайып анау-мынау емес, Арыстан аталық ұлы Тантай батырды бас елші қылып аттандыру арқылы өзінің де Ресей патшасына үлкен құрмет көрсететінін сездіріп отыр [2, 135 б.].

Арыстан аталықтың өзі де ел ісінен сырт қалмаған. Ол тек кеңесші қызметкер емес, сонымен бірге дипломат, тәрбиеші, әскери кеңесші рөлін қатар атқарған тұлға еді. Қазақ қоғамында мұндай кең көлемдегі міндетті тек беделі ерекше адамдар ғана атқара алған. Аталық институты дәстүрлі мемлекет басқару жүйесінде ханның ең жақын тірегі қызметін атқарды. Сондықтан Арыстан аталық бірнеше ханның қасында отырып, ел ішіндегі дауларды шешуге, жорықтарды ұйымдастыруға, жаугершілік заманда халықты біріктіруге маңызды үлес қосты. Оның мінезі байыпты, сөзі орнықты, шешім қабылдауда сабырлы болғаны туралы деректер кездеседі. Ел жадында оның әділдігі, тектілігі, көрегендігі жөнінде көптеген әңгімелер сақталған.

Арыстан аталықтың өмір жолының тағы бір маңызды тұсы - оның ұрпақтары. Арыстан аталықтан басталатын әулет кейіннен «Аталықтар» деп аталып, бүкіл қазақ даласына кең тараған ірі әулетке айналды. Бұл әулеттен билер, батырлар, елшілер, болыстар, қоғам қайраткерлері шыққан.

Тарихи деректер мен шежірелерде аталықтар әулеті қазіргі Қазақстанның әр аймағында, сондай-ақ көршілес Өзбекстан мен Қытай жерлерінде де қоныстанғаны айтылады. Бұл - Арыстан аталықтың әулеті тек бір рудың шеңберінде қалған кішігірім тармақ емес, елге белгілі, беделі зор, ықпалды үлкен әулет болғанының дәлелі.

Деректерге сәйкес, Арыстан аталық пайғамбар жасынан асқан кезде хан сарайында аталық қызметіне оның ұлы Барқы батыр араласа бастады [2, 170 б.]. 1916 жылғы орыс елшісі В.Кобяковтың мәліметінде Барқыны «Тәуке ханның ең жақын адамы» деп атайды. Ол жас кезінде Жәңгір ханның қолында Тәуке сұлтанмен бірге өскен. Жәңгір хан жоңғар тұтқынында болған кезде Барқы аталық хандықты басқарған. Кейін ол Моғұл хандығына елші ретінде барған. Деректерде Барқы аталық 1620-1715 жылдары өмір сүрген деп көрсетеді. Сондай-ақ З.Жандарбек Барқы аталық Тәуке ханның сарайында бас уәзірдің қызметін атқарды деп санайды. Барқы аталықтың хан сарайында батырларға ескерту жасай алатын айтарлықтай салмағы болған, бірақ, өкінішке орай, оның уәзір болғанын, мемлекетті уақытша басқарып, моғұлдарға елші ретінде барғанын растайтын ешқандай құжат жоқ [1, 98 б.]. Барқы аталықтың ерекше қыры - оның елшілік өнері. Ол Түркістаннан Сібірге, Бұхара мен Хиуаға, Ресейге дейін талай рет дипломатиялық тапсырмалармен жіберілген. Елшілік дәстүрді меңгеруі оның Ақ Ордадағы беделін күшейтті.

Өз Тәуке заманы қазақ елінің мамыражай- тыныштық өмір сүрген берекелі уақыты еді. Кейін ақсақалдар мемлекеттің байсалды дәуірін «Шіркін-ай, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған неткен жайма-шуақ заман болды» деп еске алушы еді. Қазақтың қабырғалы билері Өзіреті Сұлтанның жанында, Күлтөбенің басында Барқы аталықтың ұйымдастыруымен Қасым ханнан қалған қасқа жолды, Есім ханнан қалған ескі жолды қайта қарап, заманның бет алысына ыңғайлап жатты.

Ақылды, даналығымен «Өзіз» атанған, қазақтың қара ордасы қонған жер-жаһандағы түрік тектес елдердің қара шаңырағы Түркістанда 40 жыл билік құрған Тәуке хан 1715 жылы жаз жайлауда Сарыарқа жерінде қайтыс болды. Есіл бойында ерте замандардан өткел есебінде белгілі Күйгенжар аталатын табиғаттың ғажап бір туындысы бар. Деректерге сәйкес, Тәуке хан сол жерде қайтыс болған. Барқы аталық болғалы қазақ хандарының жазғы ордаларының қонатын жері осы Күйгенжар маңы еді [2, 200 б.].

Қырық жыл алтын тақтың үстінде отырған Өз Тәуке жасы жетіп, өлшеулі өмірдің кетіп бара жатқанын сезгеннен кейін жанындағы жан жолдасы, ханның көшін сан жылдар басқарған Барқыға өтініш айтты. Ертеңгі күн жер қойнауына кіретін уақыт таяу, осы Күйгенжарды таңдағанын мәлім қылды. Бұрын да хан мен аталық Сарыарқаның қазақ пен қалмақ арасында даулы болғанын сан рет уайым қылып ақылдасушы еді [2, 201 б.]. Қайтыс боларының алдында Тәуке хан өзінің ұлдары Болат пен Сәмекені аталық әулетіне тапсырды. Онсыз да әкесі Барқының жанына еріп биліктің ережелерін меңгеріп қалған Нияз аталық Өз Тәуке ханның ұлдары Болат пен Сәмеке жанында болатын. Бұдан әрі, олардың тағдыры Нияз аталықтың міндетіне көшті [2, 202 б.].

Нияз аталық - Арыстан аталық бастаған ірі мемлекеттік әулеттің бірнеше буыннан кейінгі мұрагері. Бұл әулет қазақ хандарының ордасында ерекше орын алған, хан әулетіне қызмет етуді, сұлтандар тәрбиелеуді, елшілік және ішкі-саяси міндеттерді атқаруды өзінің кәсіби жолы ретінде қалыптастырған.

Нияз аталықтың қызметінің негізгі кезеңі Тәуке ханнан кейінгі дәуірмен, яғни XVIII ғасырдың басындағы күрделі саяси өзгерістермен байланысты. Бұл кезеңнің ерекшеліктері қазақ қоғамында билік үшін сұлтандар арасындағы тартыстар күшеюі, Жоңғар шапқыншылығының өршуі, орталық биліктің әлсіреуі, Хан ордасының Түркістаннан уақытша орын ауыстыруы еді. Осындай қиын шақта хан ордасына тәжірибелі, саяси салмақты, татуластыруға бейім адамдар қажет болды. Нияз аталық дәл осы бағыттарда ерекше көзге түсті. Ол Хан кеңестеріне тұрақты қатысып, даулы руаралық мәселелерді шешуге араласып, сұлтандар арасындағы шиеленістерді жұмсартуға күш салды. Халық жадында Нияз аталық «Орда тізгінін ұстасқан, ел ішін реттеген дана адам» ретінде айтылады.

Әбілмәмбет Өз Тәуке ханның Болат деген ұлынан туады. Жас шамасы Нияз аталықпен қатар, қақ-соқ мінезі жоқ, жүріп- тұрғаны да, сөйлегені де биязы жан екен. Қазақтың ұлы хандарының орнына өз жолымен отырды, асыққан-сасқан жоқ, кезегі келгенше тосты. Қазақтың ауызша әңгімесі Әбілмәмбетті үлкен хандыққа сайлау туралы әңгіме 1734 жылы Баянауылдағы кеңесте көтеріліп еді, - дейді. Сол жолы, басталған дайындық 1739 жылы Түркістанда өзінің нәтижесін берді. Тарихи деректер 1738 жылы Әбілмәмбеттің Түркістанға Нияз аталықтың шақыруымен келіп, хан сайлауға дайындықтың басталғанын хабарлайды.

Нияз аталық бастаған сарай қызметкерлері осы шаруаларды келістіріп, хан сайлаудың уақытын бекіткенше 1738 жылдың соңы болды. Сол арада Орынбор керуені тоналып, ол біраз алаңдатты. Ақыр соңында 1739 жылы Әбілмәмбетті хан сайлау рәсімі Өзіреті Сұлтанның жанында өткізілді [2, 279 б.].

Алғыр, шешен, байсалды, ақылды, табанды қайраткер ретінде Ресей әкімшілігіне де айрықша пікір жазғаны жөнінде жазба деректер баршылық. 1740 жылдың тамыз айында Ресей әкімшілігі атынан генерал В. Урусовпен Орынборда болған қазақ-орыс келіссөздеріне Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтандармен бірге, ханның бас уәзірі дәрежесінде Нияз батыр да қатысып, еларалық мәселелерді шиеленістірмей шешуге белсене үлес қосқан. 1743 жылы көктемде Жоңғарияға аманаттар тобы келген соң Абылай тұтқыннан босатылады. Ол сондай-ақ Абылайдың Бұхара, Хиуа хандарымен, қырғыз манаптарымен болған соғыстарына қатысқан. Осы соғыстардан кейін Абылай Нияз Барқыұлына Ташкент қаласының төңірегіндегі біраз аймақтарды билеуге берді. Сондай-ақ, Барқы Нияз Ташкентті 20 жыл билеген. Сонда біраз билік жүргізіп, қартайған шағында Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Ортау, Ақтау деген жерге көшіп келді. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің іргесіне жерленген.

Осылайша, аталықтар әулеті - қазақ тарихындағы терең ізі қалған, ел тәуелсіздігі мен тұтастығын сақтауға өлшеусіз үлес қосқан кеменгерлер әулеті. Олардың өмір жолы - бүгінгі ұрпақ үшін тарихи сабақ, ел басқарудағы жауапкершілік пен даналықтың үлгісі.

Бұл әулет өкілдерінің тағылымы бізге бір нәрсені анық көрсетеді: мемлекеттің қуаты тек ханның батылдығында ғана емес, сонымен қатар оның жанындағы ақылды, көреген, әділ кеңесшілердің еңбегінде жатыр. Аталықтар елдің ішкі тыныштығын сақтап, сыртқы саясаттағы күрделі жағдайларды реттеп, жас мұрагерлерді тәрбиелеп, тұрақты биліктің қалыптасуына ықпал етті.

Уақыт өте тарих сахнасындағы тұлғалар алмасқанымен, олардың қалдырған мұрасы өшпейді. Арыстан, Барқы және Нияз аталықтардың өмір жолы - ұлтқа қызмет етудің, адалдықтың, парасаттылықтың биік эталоны. Бүгінгі күні де олардың атқарған істері мемлекетшілдік идеясын дәріптеп, елдің бірлігі мен тұтастығын сақтау жолындағы ізгі дәстүрлердің жалғасуына негіз бола алады.

Сондықтан, аталықтар әулетінің тарихы - тек өткеннің емес, келешектің де бағалы қазынасы. Бұл әулеттің өнегесі қазақ қоғамындағы тұлғалық тәрбиенің, басқарушылық мәдениеттің және тарихи сананың ажырамас бөлігі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқтар Ә., Ахметова Ү., Атығаев Н., Ахмет А., Жұмабаев А. Қазақ хандығы құрылымындағы билер, батырлар, қожалар, жасауылдар, аталықтар және тархандар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV - XIX ғғ.). Монография. - Алматы: «Арыс» баспасы. - 248 бет.
2. Жамбыл О. Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз. - Астана: «Алтын кітап», 2011. -414 б.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Холдорова Д.Ш.

Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

darigaKholdorova@gmail.com

Қарағанды қ.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, қазақ руханияты кеңістігінде халқына өлшеусіз қызмет еткен, ұлттық мәдениеттің құтқарушысы атанған, педагог - Өзбекәлі Жәнібекұлы Жәнібековтің өмір жолы кейінгі буынға үлгі-өнеге болары хақ. Оның есімі XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ мәдениетінің қайта түлеуімен, халық дәстүрін жаңғыртуымен, тарихи мұраны сақтау жолындағы күреспен тікелей байланысты. Кеңестік идеологияның қатаң тәртібі жүріп тұрған кезде ұлттық өнерді, салт-дәстүрді, фольклорды, көне ескерткіштерді қорғау оңай шаруа емес еді. Дегенмен, Өзбекәлі Жәнібекұлы өз тағдырын осы жолға арнап, бар ғұмырын халқына қызмет етуге бағыттады.

Өзбекәлі Жәнібекұлы 1931 жылы 28 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының Сарықамыс деген жерде дүниеге келді. Қиын кезеңде туған буынның бірі ретінде ол жастайынан ел басынан өткен зұлматтарды көріп, жоқшылық пен ауыртпалықтың ішінен өсті. Әкесі Жәнібек Құдиярұлы, анасы Қаныша Тамашқызы кұба төбел тіршілік кешкен, диханшылықпен айналысқан. Өзбекәлі дүниеге келгеннен соң көп ұзамай әкесі қайтыс болып, шешесін әмеңгерлік жолмен жақын туысына қосады. Ағасы спандияр Совет-Фин соғысында ерлік көрсетіп, Ұлы Отан соғысы басталысымен хабарсыз кеткен. Күйеуге ұзатылған үлкен әпкесі Күлараш та ерте дүние салады, сөйтіп